



«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру туралы ереже	МС ISO 9000:2015 МС ISO 9001:2016 МС ISO 37001:2016
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.1/8.3-2025-40	Енгізілген күні: «18» маусым 2025 ж.



БЕКІТЕМІН
Ректор
Л.К. Байболова
«18» маусым 2025 ж.

**Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.1/8.3-2025-40**

КЕЛІСІЛДІ
АСЖ проректор
Э.Б. Аскарбеков
«18» маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа:

БД:

Тіркеу №

«Google диск»

АЛҒЫСӨЗ

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді.

Осы Ереже ректордың титулдық бетке қол қоюы арқылы бекітіледі.

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімшелері үшін сапа менеджменті жүйесіне (СМЖ) қатысты қызметі шеңберінде міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеру жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапкершілік жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

2024 жылғы 28 маусымдағы №1 редакциядағы ЕЖ 21-09.146-2022 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы Ереже күшін жойды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
1. Құжаттың атауы.....	4
2. Әзірлеуші.....	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Терминдер мен анықтамалар.....	4
6. Қолданылатын қысқартулар.....	5
7. Жалпы ережелер.....	6
8. Магистратураға қабылдау ережелері.....	7
9. Оқу нәтижелеріне бағытталған білім беру бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар.....	9
10. Магистранттың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар.....	11
11. Магистранттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар.....	11
12. Магистратурада оқу мерзіміне қойылатын талаптар.....	12
13. Аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу.....	12
14. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар....	13
15. Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	13
16. Құпиялылық.....	14
Келісу парағы.....	15
Танысу парағы.....	15
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	16
Мерзімді тексерулер есебін жүргізу парағы.....	16

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру туралы ереже ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.1/8.3-2025-40

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі.

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Осы Ереже барлық білім беру бағдарламалары бойынша құрылымға, рәсімдеу қағидаларына және рәсімдерді ұйымдастыру тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді. Ереже магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі (бұдан әрі – ЖООКББ) қызметкерлеріне арналған және «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) қатысты қолданылады.

3.2 Осы Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі лауазымды тұлғалары үшін міндетті нұсқаулық болып табылады.

3.3 Ереже Университет қабылдаған құжаттамалар жинағына енгізілген.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер жасалған:

4.2 ҚР Бюджет кодексі № 171-VIII, 15.03.2025 ж.;

4.3 ҚР Азаматтық кодексі № 268-XIII, 27.12.1994 ж. (09.04.2025 ж. өзгерістерімен);

4.4 ҚР Еңбек кодексі № 414-V, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен);

4.5 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістерімен);

4.6 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы № 103-VIII ЗРК, 01.07.2024ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен);

4.7 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы № 410-V, 18.11.2015 ж.;

4.8 ҚР Заңы «ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кенейту туралы» № 171-VI, 04.07.2018 ж.;

4.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 2, 20.07.2022 ж. (22.04.2025 ж. өзгерістерімен);

4.10 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағыттары бойынша кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы № 569, 13.10.2018 ж. (21.07.2023 ж. өзгерістерімен);

4.11 Экстернат және онлайн оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін бағыттар тізбесі № 530, 02.10.2018 ж. (13.09.2022 ж. өзгерістерімен);

4.12 Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары № 152, 27.05.2011 ж. (26.03.2025 ж. өзгерістерімен);

4.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік ережелері № 595, 30.10.2018 ж. (24.06.2024 ж. өзгерістерімен).

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтамасы
ЖОО компоненті (ЖООК)	Білім беру бағдарламасын меңгеруге арналған, жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндері мен сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Жеке оқу жоспары	Білім алушының бүкіл оқу кезеңіне арналған, білім беру бағдарламасы негізінде ғылыми жетекшінің басшылығымен дербес жасалатын жұмыс жоспары.
Таңдау компоненті (ТК)	Жоғары оқу орны ұсынатын, білім алушылардың академиялық кезендерде пререквизиттері мен

	постреквизиттерін ескере отырып еркін таңдайтын оқу пәндері мен академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Құзыреттер	Оқу процесі барысында алынған білімді, біліктер мен дағдыларды кәсіби қызметте іс жүзінде қолдану қабілеті.
Магистратура	Кемінде 60–120 академиялық кредит көлемінде білім беру бағдарламаларын меңгеруді міндетті түрде көздейтін, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін беру арқылы кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.
Магистрант	Магистратурада білім алушы тұлға.
Магистр	Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.
Магистрлік диссертация	Ғылыми-педагогикалық магистратураның магистрантының бітіру жұмысы. Таңдап алынған білім беру бағдарламасы шеңберінде өзекті мәселені теориялық және/немесе практикалық тұрғыдан зерттеуге арналған, қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік және технологиялық жетістіктерге негізделген дербес ғылыми зерттеу.
Магистрлік жоба	Бейіндік магистратураның магистрантының бітіру жұмысы. Таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша өзекті мәселені шешуге бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын қолданбалы сипаттағы дербес зерттеу.
Ғылыми-зерттеу жұмысы	Бар білімді кеңейту және жаңасын алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, ғылыми қорытындылар жасау және жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіс, зерттеу мен тәжірибелер жүргізуге байланысты жұмыс.
Білім беру бағдарламасы	Оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін, оқу мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.
Міндетті компонент	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалатын, білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алушылар міндетті түрде оқитын оқу пәндері мен академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Плагиат	Өзге автордың мәтінін толықтай немесе ішінара иемдену және оны өз атынан пайдалану.
Жұмыс оқу жоспары	Білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі дербес әзірлейтін оқу құжаты.

6. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Мағынасы
ЖОО компоненті	Жоғары оқу орны компоненті
ЖОО	Жоғары оқу орны
МЖМБС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
МЖЖЖ	Магистранттың жеке жұмыс жоспары

ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
НҚ	Негізгі құзыреттер
ЭПКат	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
МК	Міндетті компонент
СҚЕЖАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация басқармасы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ЖООКБ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
ЖООКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
ОПҚ	Оқытушы-профессорлар құрамы
СБӨКӨ	Сапа бойынша өкіл кеңесі / Сапа бойынша өкілетті тұлға
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҒК	Ғылыми кеңес
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
ОӘБ	Оқу-әдістемелік бөлім
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамы
МЭҒЗЖ	Магистранттың эксперименталды-ғылыми-зерттеу жұмысы

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Ереже) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы Ережесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 қаулысымен (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

7.2 Ереже Университетте кредиттік оқыту технологиясы шеңберінде магистрлерді даярлауға арналған жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын (ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура білім беру бағдарламалары) іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

7.3 Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша мамандар даярлау өмірлік цикліне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелерге (факультеттерге, кафедраларға, қаржы және ғылыми бөлімшелерге және т.б.) міндетті болып табылады.

7.4 Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі білім беру саясатының басты мақсаты — кәсіби даярлығы терең, бәсекеге қабілетті, отандық және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті мамандар — магистрлерді даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін оқу үдерісінде ғылыми-зерттеу қызметі мен оқытуды интеграциялау, пәнаралық және құзыреттілік тәсілдері негізінде кредиттік технология бойынша білім беру процесін жүзеге асыру көзделеді.

7.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі құрылымдық бірлік факультеттің бітіруші кафедрасы болып табылады. Университет деңгейінде магистратураның білім беру үдерісін үйлестіру және бақылау Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

7.6 Магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асыру бітіруші кафедралардың ғылыми-зерттеу тақырыптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.7 Магистратураға қабылдау жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың Үлгілік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.8 Магистрлерді бейіндік даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында жүзеге асырылады, сондай-ақ магистрлерді даярлау Университет пен білім беру қызметтерін тұтынушы арасында жасалған ақылы оқыту туралы шарт негізінде де жүргізілуі мүмкін.

8. МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистратура қабылдау кадрларды ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың жеке қаражаты мен өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

8.2 Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар КТ тапсырады, ол келесі тесттерден тұрады: шет тілі бойынша тест (таңдау бойынша: ағылшын, неміс немесе француз тілдері), білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест, оқу даярлығын анықтау тесті (қазақ немесе орыс тілінде таңдау бойынша).

Қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын бейіндік магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест және оқу даярлығын анықтау тестін (қазақ немесе орыс тілінде таңдау бойынша) тапсырады.

Ағылшын тілінде оқытылатын бейіндік магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тесті ағылшын тілінде және оқу даярлығын анықтау тестін қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде (таңдау бойынша) тапсырады.

Кешенді тестілеуге тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) сайтында жүзеге асырылады: <http://testcenter.kz/>

Кешенді тестілеудің сынақ нұсқасы ҰТО сайтында қолжетімді.

Ғылыми-педагогикалық магистратура үшін шекті баллдар:

гранттар конкурсына қатысу үшін – кемінде 75 балл;

ақылы негізде оқу үшін – кемінде 75 балл.

Бейіндік магистратура үшін шекті баллдар:

гранттар конкурсына қатысу үшін – кемінде 50 балл;

ақылы негізде оқу үшін – кемінде 50 балл.

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша конкурсқа бір білім беру бағдарламалары тобы мен 3 ЖОО таңдауға болады.

8.3 Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы келесі қызметтерді жүзеге асырады:

магистратураның білім беру бағдарламалары тобы бойынша кеңес беру, КТ және шығармашылық емтихан өткізу тәртібімен таныстыру;

магистратураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша шығармашылық емтихан ұйымдастыру;

магистратураға түсушілердің құжаттарын қабылдау және тексеруді ұйымдастыру.

Магистратураға өтініштерді қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1 маусымнан 10 шілдеге дейін (жазғы қабылдау);

25 қазаннан 10 қарашаға дейін (қысқы қабылдау).

Төмендегі халықаралық сертификаттарға ие тұлғалар: IELTS, TOEFL iBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), DELF (Diplôme d'Études en Langue Française), DALF (Diplôme Approfondi de Langue Française), TCF (Test de connaissance du français), GRE (Graduate Record Examinations) — КТ-ға қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін электронды түрде ұсынуы қажет.

Магистратураға кешенді тестілеу келесі мерзімдерде өткізіледі:

1 тамыздан 15 тамызға дейін;

19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

15 тамыздан 28 тамызға дейін;

26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

Магистратураға жоғары білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

8.4 Шетел азаматтарын магистратураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады (магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламалардан басқа).

Университетке шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау жыл бойы университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

8.5 Шұғыл әскери қызметін өтеген азаматтарды бейіндік магистратураға ақылы негізде қабылдау, әскери қызметті өткергеннен кейін үш жыл ішінде, университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша, қабылдау емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес, келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүргізіледі.

Кешенді тестілеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы арқылы, МҒЖБМ белгілеген тестілеу пункттерінде өткізіледі.

КТ нәтижесі бойынша электронды сертификат беріледі, ол Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

КТ және (немесе) шығармашылық емтихандарды сол жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.

8.6 Ғылыми-педагогикалық магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ нәтижесі бойынша жүзеге асырылады және бұл ретте:

жалпы балл – кемінде 75 балл;

шет тілі бойынша – кемінде 25 балл;

бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл;

екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл;

оқу даярлығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл болуы тиіс (150 балдық шкала бойынша, Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес).

Қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын бейіндік магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады:

жалпы балл – кемінде 50 балл;

оқу даярлығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл;

бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл;

екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл (100 балдық шкала бойынша, Қағидалардың 7-1-қосымшасына сәйкес).

8.7 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурс негізінде оқуға қабылдау КТ және (немесе) қабылдау емтиханы және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қатарынан жүргізіледі.

Ғылыми-педагогикалық магистратураға:

жалпы балл – кемінде 75 балл;

шет тілі бойынша – кемінде 25 балл;

бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл;

екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл;

оқу даярлығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл (Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес).

Қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын бейіндік магистратураға:

жалпы балл – кемінде 50 балл;

оқу даярлығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл;

бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл;

екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл (Қағидалардың 7-1-қосымшасына сәйкес).

8.8 Жалпы еуропалық шет тілін меңгеру құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгеруді растайтын халықаралық сертификаттарға ие тұлғалар магистратураға кешенді тестілеу барысында шет тілі бойынша тестілеуден босатылады.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға және жоғары оқу орнына қабылдау кезінде ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімі университеттің қабылдау комиссияларымен тексеріледі.

9. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Магистратура бағдарламалары кәсіби міндеттерді инновациялық жағдайларда орындай алатын, ғылыми-зерттеу және басқарушылық қызметке дайын жоғары білікті кадрларды білім беру және ғылым жүйесіне даярлауға бағытталған.

9.2 Университеттегі магистрлік даярлау кадрлар даярлау бағыттарының лицензиясына қосымшаға сәйкес магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

базалық және бейінді пәндер циклдерін қамтитын теориялық оқыту;

түрлі тәжірибе түрлері мен ғылыми немесе кәсіби тағылымдамаларды қамтитын магистранттардың практикалық даярлығы;

ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейіндік магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы;

қорытынды

аттестаттау.

Магистранттардың аудиториялық жұмысының өткізілу орны мен ұзақтығы Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор бекіткен сабақ кестесімен реттеледі. Теориялық оқыту академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

9.3 Bazалық және бейінді пәндер циклдері университет компоненті мен таңдау компоненті пәндерінен тұрады.

Білім беру бағдарламасын қалыптастыру барысында ең алдымен жобаланатын бағдарламаның жалпы сипаттамалары айқындалады. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері еңбек нарығының негізгі талаптарын, жұмыс берушілердің сұраныстарын және магистранттардың мүдделерін ескере отырып айқындалады.

9.4 Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы тиісті бағыттар бойынша осы мемлекеттік стандарттың 1 (04.03.2025 ж.) және 3 (04.03.2025 ж.) қосымшаларына сәйкес айқындалады.

9.5 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар үшін терең ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

9.6 Бейіндік бағыттағы магистратура экономика, медицина, құқық, білім беру, өнер, қызмет көрсету мен бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін терең кәсіби даярлығы бар басқарушылық кадрларды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

9.7 Магистратура бағдарламасының міндетті компоненттері мыналарды қамтиды:

магистранттардың түрлі тәжірибе түрлері мен ғылыми немесе кәсіби тағылымдамаларды қамтитын практикалық даярлығы;

ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды, бейіндік магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе эксперименттік-зерттеу жұмысы.

9.8 Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқумен қатар немесе жеке мерзімде өткізілетін екі түрдегі тәжірибені қамтиды:

базалық пәндер цикліндегі педагогикалық тәжірибе;
бейінді пәндер цикліндегі зерттеу тәжірибесі.

Педагогикалық тәжірибе оқыту әдістемесі бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте магистранттар университеттің шешімі бойынша бакалавриат бағдарламалары бойынша сабақ жүргізуге тартылады. Магистранттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеу әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен таныстыру мақсатында жүргізіледі.

9.9 Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы бейінді пәндер цикліндегі өндірістік тәжірибені қамтиды. Өндірістік тәжірибе магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқыту барысында алынған теориялық білімдерді бекіту, практикалық дағдылар мен кәсіби құзыреттерді меңгеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында өткізіледі. Зерттеу (өндірістік) тәжірибесінің мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеудің тақырыбына сәйкес айқындалады.

9.10 Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – ҒЗЖ (ЭЗЖ)) аясында инновациялық технологиялармен және жаңа өндіріс түрлерімен танысу мақсатында магистранттың жеке оқу жоспары шеңберінде ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтуі көзделеді. Ғылыми тағылымдаманың орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағыты мен зерттеу тақырыбына сәйкес болуы тиіс. ҒЗЖ (ЭЗЖ) өзге оқу түрлерімен қатар немесе жеке мерзімде жоспарланады.

9.11 Оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке оқу жоспарының орындалуын тексеру мақсатында жыл сайын академиялық аттестаттаудан өтеді.

9.12 Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

9.14 Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) бір ғылыми-тәжірибелік конференциядағы баяндамамен ұсынылуы тиіс.

9.15 Магистрлік диссертация / жоба құрылымына, мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын міндетті талаптар магистрлік диссертация / жоба туралы ережеде айқындалады.

9.16 Бейіндік магистратураны аяқтаған магистр педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасын қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметпен айналыса алады.

9.17 Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасының мазмұны осы стандарттың 5-қосымшасына сәйкес айқындалады.

9.18 Педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасын аяқтаған бейіндік бағыттағы магистрге негізгі дипломына қосымша тиісті куәлік беріледі.

9.19 Ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратура бағдарламаларының жалпы көлеміндегі қорытынды аттестаттау кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде өткізіледі.

9.20 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде игерілген оқыту нәтижелері мен құзыреттер деңгейін бағалау.

9.21 Магистратурада кадрларды даярлау жоғары білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Магистратураның білім беру бағдарламасы мен жоғары білім бағдарламасының бейіні

сәйкес келген жағдайда алдыңғы деңгейдегі оқу нәтижелері автоматты түрде танылады. Бейіндер сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа ақылы түрде меңгеру үшін пререквизиттер тағайындалады.

10. МАГИСТРАНТТЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1 Оқу жүктемесі – магистратураның білім беру бағдарламасындағы белгіленген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін магистрантқа оқу пәнін, модулін немесе бүкіл білім беру бағдарламасын меңгеруге қажетті уақытпен өлшенеді.

10.2 Оқу жүктемесіне магистранттың барлық оқу қызметі кіреді – дәрістер, семинарлар, топтық сабақтар, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), өндірістік және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, тәжірибе, ғылыми немесе кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы, магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау, сонымен қатар оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін және дербес өзіндік жұмыс.

10.3 Магистрант оқу процесін ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

10.4 Магистранттың жеке жұмыс жоспары бүкіл оқу кезеңіне арналып жасалады және келесі бөлімдерді қамтиды:

Жеке оқу жоспары;

Ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі мен есеп беру формасы);

Тәжірибе өту жоспары (тәжірибе түрі, бағдарламасы, базасы, мерзімі мен есеп беру формасы);

Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы, негіздемесі мен құрылымы;

Магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау жоспары;

Ғылыми жарияланымдар жоспары, ғылыми-тәжірибелік (ғылыми-теориялық) конференцияларға қатысу;

Ғылыми тағылымдама өту жоспары (бағдарламасы, базасы, мерзімі мен есеп беру формасы).

10.5 Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта) тұрады.

10.6 Бір оқу жылындағы толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бұл кемінде 1800 академиялық сағатты құрайды. Бір семестрде білім алушы кемінде 30 академиялық кредит игереді.

10.7 Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең.

10.8 Магистратура бағдарламаларын меңгерудің толықтығының негізгі өлшемі ретінде білім алушының келесі көлемде кредиттерді игеруі танылады:

ғылыми-педагогикалық магистратурада – магистранттың барлық оқу және ғылыми қызмет түрлерін қоса алғанда, оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит;

бейіндік магистратурада – 60 академиялық кредит.

11. МАГИСТРАНТТЫҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

11.1 Магистранттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейінің (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және меңгерілген құзыреттер арқылы көрініс табатын оқыту нәтижелерін сипаттайды. Оқыту нәтижелері магистратураның білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

11.2 Дескрипторлар білім алушының келесі қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

зерттеу контекстінде идеяларды эзирлеу және (немесе) қолдану барысында оқытылатын саладағы озық білімге негізделген тереңдетілген білім мен түсінікті көрсету қабілеті;

жаңа ортада және кенірек пәнаралық контексте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілеттерін кәсіби деңгейде қолдану;

әлеуметтік, этикалық және ғылыми аспектілерді ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпарат жинау және оны түсіндіру;

ақпаратты, идеяларды, тұжырымдарды, мәселелер мен шешімдерді мамандарға да, беймамандарға да нақты және анық жеткізу;

оқытылатын салада оқуын дербес жалғастыру үшін қажетті оқу дағдылары.

11.3 Магистратураның білім беру бағдарламасын аяқтаған тұлғаларға университет белгіленген үлгідегі білім туралы құжат пен қосымша (транскрипт) береді.

12. МАГИСТРАТУРАДА ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

12.1 Магистратурада оқыту мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлеміне байланысты айқындалады. Белгіленген академиялық кредиттер көлемі игеріліп, күтілетін оқыту нәтижелері қол жеткізілген жағдайда магистр дәрежесін алу үшін магистратураның білім беру бағдарламасы толық игерілді деп есептеледі.

12.2 Магистратурада кадрлар даярлау білім беру бағдарламаларының екі бағыты бойынша жүзеге асырылады:

ғылыми-педагогикалық бағыт – білім алушылар кемінде 120 академиялық кредит меңгереді, оқу мерзімі – 2 жыл;

бейіндік бағыт – білім алушылар 60 академиялық кредит меңгереді, оқу мерзімі – 1 жыл.

13. АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

13.1 Аралық аттестаттау жазбаша, ауызша, тестілеу немесе аралас түрде, сондай-ақ шығармашылық емтихан түрінде өткізіледі. Әр пән бойынша емтиханның нысаны мен өткізу тәртібін кафедралар өз бетінше айқындайды және белгіленген тәртіппен бекітеді. Магистрант келесі жағдайларда Университеттен шығарылуы мүмкін:

академиялық үлгермеушілік үшін;

академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;

Университеттің ішкі тәртіп қағидалары мен Жарғысын бұзғаны үшін;

білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талаптарын, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін бұзған жағдайда;

өзінің жеке қалауы бойынша.

13.2 Бітірушілерді қорытынды аттестаттау магистратураның тиісті білім беру бағдарламасын меңгеру барысында магистранттардың алған оқу нәтижелері мен құзыреттерін бағалауға бағытталған.

Магистранттарды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерде магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау түрінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттауға мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандартының, білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған магистранттар жіберіледі.

13.3 Магистрлік диссертацияларды/жобаларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Қорғау ашық түрде өтеді және Аттестаттау комиссиясы (АК) мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысқанда ғана өткізіледі. Әйтпесе отырыс жарамсыз болып саналады.

13.4 Магистрлік диссертация/жоба міндетті түрде техникалық қамтамасыз ету және цифрландыру бөлімінде плагиатқа тексеріледі.

13.5 Магистрлік диссертациялар/жобаларды рәсімдеу тәртібі, мазмұнына қойылатын талаптар және қорғау рәсімін ұйымдастыру кафедраларда әзірленіп, бекітілген әдістемелік нұсқаулықтарда көрсетіледі.

13.6 Магистрлік диссертациялар/жобалардың құрылымы, мазмұны және рәсімделуіне қойылатын міндетті талаптар «Магистрлік диссертация/жоба туралы Ережеде» айқындалады.

13.7 Бір магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау ұзақтығы 50 минуттан аспауы тиіс. Магистрант қорғау барысында Аттестаттау комиссиясы алдында кемінде 15 минут баяндама жасайды.

13.8 Магистрлік диссертация/жоба келесі жағдайларда қорғауға жіберіледі:

ғылыми жетекшінің оң пікірінің болуы;

диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымда кемінде бір жарияланымның немесе халықаралық не республикалық ғылыми конференцияда бір баяндаманың болуы;

қорғауға жіберу туралы бітіруші кафедра шешімі (кафедра мәжілісінің хаттамасынан үзінді);

жұмыстың бейініне сәйкес біліктілігі бар (ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар) бір рецензенттің жан-жақты сипаттама берілген және магистр академиялық дәрежесін тағайындау мүмкіндігін дәлелдейтін қорытындысы бар рецензиясы.

13.9 Егер ғылыми жетекші және/немесе бітіруші кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертацияны/жобаны қорғамайды. Рецензенттің теріс қорытындысы болған жағдайда магистрлік диссертация/жоба қорғауға жіберіледі.

13.10 Магистрлік диссертация/жоба қорғау нәтижелері әрбір магистрантқа жеке хаттамамен рәсімделеді.

13.11 Әрбір жұмысты қорғау нәтижесі бойынша Аттестаттау комиссиясы магистрантқа ғылым магистрі / магистр академиялық дәрежесін беру туралы шешім қабылдайды.

13.12 Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған магистрант университет Ректорының бұйрығымен «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған» немесе «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған» негізінде университеттен шығарылады.

14. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

14.1 Негізгі тәуекел	14.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер
- білім беру бағдарламаларын іске асыруда ҚР ҒЖБМ-нің өзекті нормативтік талаптарына сәйкес келмеуі;	- заңнаманы үнемі қадағалау, ішкі нормативтік құжаттарды жаңарту, қызметкерлерді өзгерістер туралы оқыту;
- ғылым мен білімнің интеграциясының әлсіздігіне байланысты магистранттарды даярлау сапасының төмендеуі;	- ғылыми жобаларды оқу процесіне енгізу, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына (ҒЗЖ) белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- кафедра тарапынан білім беру бағдарламаларының мазмұны мен диссертация тақырыптарының сәйкестігін бақылаудың әлсіздігі;	- есептілік мерзімдерін бекіту, МҒЗЖ, МЭЗЖ тақырыптары мен орындалуын бақылау, кафедра отырыстарын жүйелі өткізу.

15. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

15.1 Осы Ереже Университет Ректорының шешімімен бекітіледі және бекітілген күннен бастап күшіне енеді. Осы Ереженің орындалуы мен жұмыс істеуіне жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы, факультет декандары, магистранттардың ғылыми жетекшілері, бітіруші кафедра меңгерушілері жауапты болып табылады. Осы нормативтік құжатқа өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жаңа талаптар қабылдануына байланысты қажеттілік туындаған жағдайда енгізіледі.

16. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

16.1 Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудиті жүргізілген кезде сертификаттау органдарының сарапшыларынан басқа тұлғаларға, сондай-ақ Ректордың рұқсаты бойынша тұтынушы-серіктестерге ұсынылмайды.

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-04
(міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс №	Өзгеріс туралы хабарлама №	Беттер нөмірлері				Өзгерістерден кейінгі беттер саны	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлға (Аты-жөні)	Қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-05
(міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУ ЕСЕБІ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді орындаған тұлға (Аты-жөні)	Қолы	Ескертпе формулировкасы